

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі  
«Қазгидромет» Республикалық Мемлекеттік Мекемесі  
Экологиялық мониторинг департаменті



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ  
ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ  
БЮЛЛЕТЕНЬ**

Наурыз  
2025 жыл

Астана, 2025 жыл

	<b>МАЗМҰНЫ</b>	Бет
	Алғы сөз	3
<b>1</b>	Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның сапасы мониторингі	4
<b>1.1</b>	Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның сапасын бағалау	4
<b>1.2</b>	Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары туралы мәліметтер	8
<b>1.3</b>	Қазақстан Республикасы аумағындағы атмосфералық жауын-шашының химиялық құрамы	14
<b>2</b>	Қазақстан Республикасы жер үсті сулары сапасы мониторингі	15
<b>2.1</b>	Қазақстан Республикасы жер үсті сулары сапасын бағалау	16
<b>2.2</b>	Қазақстан Республикасы жер үсті суларының жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары	19
<b>3</b>	Қазақстан Республикасы бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фоны	22
	<b>1 қосымша</b>	23
	<b>2 қосымша</b>	24
	<b>3 қосымша</b>	25
	<b>4 қосымша</b>	25
	<b>5 қосымша</b>	26
	<b>6 қосымша</b>	27
	<b>7 қосымша</b>	27
	<b>8 қосымша</b>	28

## **Алғы сөз**

Ақпараттық бюллетенің Қазақстан Республикасының аумағында қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік органдар мен халықты ақпараттандыруға арналған «Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті дамыту» 039 бюджеттік бағдарламасының «Қоршаған орта жай-күйіне бақылау жүргізу» 100 ішкі бағдарламасы шеңберінде құрылады.

Бюллетенің ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіне қоршаған орта жай-күйіне мониторинг жүргізу жөнінде «Қазгидромет» РМК арнағы бөлімшелерімен орындалатын жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Қалалар мен облыстар бөлінісінде ҚР Қоршаған орта объектілері сапасының жай-күйіне мониторинг жүргізу нәтижелері «Қазгидромет» РМК [www.kazhydromet.kz](http://www.kazhydromet.kz) ресми сайтында Қазақстан Республикасы өнірлердің қоршаған орта жай-күйі жөніндегі ақпараттық бюллетендерінде орналастырылған.

2019 жылдан бастап жеке желілерді ұйымдастырушылар ҚР ЭТРМ келісімі бойынша жеке автоматты станциялар/датчиктердің көмегімен Қазақстанның атмосфералық ауасының сапасын өлшеуді жүзеге асырады және мониторинг нәтижелері AirKz мобиЛЬДІ қосымшасына және «Қазгидромет» РМК интерактивті картасында көрсетіледі.

Қазіргі уақытта «Қазгидромет» РМК жоғарыда көрсетілген ақпараттық желісіне Қазақстанның жеке желілерінің 40 станциясының/өлшеу датчиктерінің деректері интеграцияланған.

## **1. Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның сапасы мониторингі**

Қазақстан Республикасы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау республиканың 70 елді-мекенінде 175 бақылау бекетінде, оның ішінде: Астана (4), Ақтөбе (3), Алматы (4), Атырау (2), Тараз (4), Қарағанды (4), Балқаш (3), Жезқазған (2), Теміртау (3), Қостанай (2), Қызылорда (1), Ақтау (2), Павлодар (2), Екібастұз (1), Петропавл (2), Шымкент (4) қалаларында, Глубокое кентінде (1) 44 қол күшімен жұмыс істейтін бекеттерінде және Астана (6), Қекшетау (2), Атбасар (1), Степногорск (1), Щучинск (1), Бурабай к. (2), Ақсу к. (1), Бестөбе к. (1), Алматы (12), Талғар (1), Талдықорған (2), Жаркент (1), Ақтөбе (3), Қандыагаш (1), Хромтау (1), Шұбаршы к. (1), Кеңқияқ а. (1), Атырау (7), Құлсары (2), Жанбай а. (1), Индербор к. (1), Мақат к. (1), Ганюшкино а. (1), Өскемен (10), Алтай (1), Аягөз (1), Риддер (3), Семей (4), Шемонаиха (1), Ауэзов к. (1), Глубокое к. (1), Тараз (1), Жаңатас (1), Қаратай (1), Шу (1), Қордай а. (1), Орал (4), Ақсай (2), Бөрлі а. (1), Қарағанды (3), Абай (1), Балқаш (1), Жезқазған (1), Саран (1), Сатпаев (1), Теміртау (1), Қостанай (2), Арқалық (1), Жітіқара (1), Лисаковск (1), Рудный (2), Қарабалық к. (1), Қызылорда (2), Арап (1), Әйтке би к. (1), Ақай а. (1), Төретам к. (1), Шиелі а. (1), Ақтау (2), Жаңаөзен (2), Бейнеу а. (1), Павлодар (5), Ақсу (1), Екібастұз (1), Петропавл (2), Шымкент (2), Кентау (1), Түркістан (3), Састөбе к. (1), Қызылсай а. (1) 131 автоматты бақылау бекеттерінде бақылау жүргізілді (1 қосымша).

Стационарлық бекеттерде және жылжымалы зертханалардың көмегімен атмосфералық ауаның ластану жай-күйіне PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, озон және күкірт сутегі және ауыр металдар сияқты ерекше ластаушы заттар анықталады.

### **1.1 2025 жылғы наурыз айына арналған Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның сапасын бағалау**

2025 жылғы наурыз айында 70 елді мекеннің ішінен 34 елді мекен атмосфералық ауаның төмен ластану деңгейіне, 21 елді мекен көтерінкі ластану деңгейіне, 8 елді мекен жоғары ластану деңгейіне, 7 елді мекен өте жоғары ластану деңгейіне жатқызылды.

- **ластанудың өте жоғары деңгейіне** 7 елді мекен: Алматы, Атырау, Қарағанды, Теміртау, Талғар, Сәтбаев қалалары, Жанбай ауылы;

- **ластанудың жоғары деңгейіне** 8 елді мекен: Астана, Өскемен, Түркістан, Жітіқара, Құлсары қалалары, Кеңқияқ кенті, Ганюшкино, Шұбаршы ауылдары жатады;

- **ластанудың көтерінкі деңгейіне** 21 елді мекен: Ақтау, Ақтөбе, Риддер, Семей, Абай, Петропавл, Қостанай, Жезқазған, Павлодар, Шымкент, Лисаковск, Орал, Жаңаөзен, Шу, Жаркент, Арап қалалары және Қарабалық, Қызылсай, Мақат, Индербор, Глубокое кенттері жатады;

- **ластанудың төмен деңгейіне** 34 елді мекен: Ақсай, Балқаш, Қызылорда, Аягөз, Атбасар, Ақсу, Қекшетау, Степногорск, Қаратай, Жаңатас, Алтай, Рудный, Қандыагаш, Саран, Шемонаиха, Хромтау, Щучинск, Тараз, Талдықорған, Екібастұз, Кентау қалалары және Бейнеу, Бурабай, Састөбе, Арқалық, Әуезов, Ақсу, Бестөбе, Төретам, Әйтке би кенттері, Шиелі, Қордай, Ақай, Бөрлі ауылдары жатады.

*Анықтама: КР аумағында атмосфералық ауа ластануының жай-күйін «Мемлекеттік органдарды тұргындар қоғамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжысат 52.04.667–2005 БҚ сәйкес стандартты индекс пен ең жоғары қайталанғыштық бойынша бағалау жүргізілді.*

Атмосфералық ауаның жоғары ластануының (ЖЛ) Қарағанды мен Атырау қалаларында – 44 ЖЛ жағдайы тіркелді.

## **Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаның көпжылдық кезеңдегі сапасын бағалау**

Соңғы 5 жылда 2021-2025 жж. атмосфералық ауаның ластануының тұрақты жоғары деңгейі Астана, Қарағанды, Алматы, Ақтөбе, Теміртау, Өскемен қалаларында байқалады.

Негізгі ластаушы заттар:

**Астана қ.** – қалқыма бөлшектер (шаң), PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірт сутегі, фтор сутегі;

**Қарағанды қ.** – қалқыма бөлшектер (шаң), PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді және азот оксиді, озон, күкірт сутегі;


**Алматы қ.** – азот диоксиді, PM-2,5 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, PM-10 қалқыма бөлшектері;

**Ақтөбе қ.** - қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, аммиак;


**Теміртау қ.** – қалқыма бөлшектер (шаң), PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді және азот оксиді, аммиак, күкірт сутегі, фенол.

**Өскемен қ.** - қалқыма бөлшектер (шаң), PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірт сутегі, фенол.

## СИ



1сүр. 2025 жылғы наурыздағы Қазақстан Республикасы елді-мекендерінің ластану деңгейі (стандартты индекс)



2 сур. 2025 жылғы наурыздағы Қазақстан Республикасы елді-мекендерінің ластану деңгейі(ен жоғары қайталаңғыштық)

## 1.2 2025 жылғы наурыз айындағы Қазақстан Республикасы атмосфералық ауасының жоғары ластану жағдайлары

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне керекті іс-шаралар қабылдау үшін жедел түрде хабарланды.

Атмосфералық ауасының жоғары ластануының (ЖЛ) **44 жағдайы**, оның ішінде: Атырау қаласында – 22 ЖЛ (NCOC компаниясы бекетінің деректері бойынша), Қарағанды қаласында – 22 ЖЛ жағдайлары тіркеуді.

Коспа	Күні, айы, жылды	Уақыт, сағ.	Бекет нөмірі	Шоғыр		Жел		Темпе- ратура, 0С	Атм. қысым, мм.сын.баг.	ҚР ЭГТРМ «Қазгидромет» РМК шығыс құжаттарының нөмірі мен күні	ҚР ЭТРМ ЭРБК себептері және қабылданған шаралар							
				МГ/М3	ШЖШ- дан асу еселігі	Бағыт, град	Жыл., м/с											
<b>Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары</b>																		
<b>Атырау қ.</b>																		
Азот диоксиді	2025ж. 02.03	22:20	№12 Ақшагала ы.а., 2 көше, 1а үй	2,0314	10,1	19,90	1,15	-12,6	770.4	Казақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологологиялық реттеу және бақылау комитеті 2025ж.03.03 № 24- 07-5/32	№12 ПНЗ станциясынан шамамен 20 метр жерде түрғын үй қалашағын жылумен қамтамасыз ететін жылыту казандығы орналасқан, соның түтін мұржаларынан шығатын ластағыш заттарды станция курал жабдықтары тәулік бойына ұстап, аяу сапасының көрсеткішін көбейтіп отыр.							
		22:40		2,0314	10,1	19,90	1,15	-12,8	770.6									
		23:00		2,0314	10,1	19,90	1,15	-13,1	770.7									

		23:20		2,0360	10,1	19,90	1,15	-13,3	770,9		
2025ж. 03.03.		01:00		2,0792	10,3	39,80	1,11	-14,6	771,8		
		01:20		2,2203	11,1	39,80	1,11	-15,1	771,7		
		01:40		2,2213	11,1	41,90	1,11	-15,1	771,7		
		02:00		2,2213	11,1	41,90	1,45	-15,1	771,7		
		02:20		2,1570	10,1	18,20	1,34	-15,3	771,4		
		02:40		2,1570	10,1	18,20	1,34	-15,5	771,4		
		03:00		2,1570	10,1	18,20	1,34	-15,5	771,4		
		03:20		2,1570	10,1	75,90	1,10	-15,7	771,5		
		03:40		2,1153	10,5	75,90	1,10	-16,1	771,8		
		04:00		2,0322	10,1	75,90	1,10	-16,6	771,8		
		04:20		2,0322	10,1	75,90	1,10	-16,7	771,8		
		04:40		2,0322	10,1	76,00	1,13	-16,7	771,8		
		05:00		2,0322	10,1	76,20	1,02	-16,7	771,8		
		05:20		2,0732	10,3	115,20	1,02	-16,6	771,9		
		05:40		2,0732	10,3	115,20	1,02	-16,6	771,9		
Күкірт сүтегі	2025ж. 03.03.	10:40	№ 112 Акимат (Сәтпаев қ-сі, орталық көпір)	0,0809	10,1	136,0	1,48	-13,0	771,6		
Күкірт сүтегі	2025ж. 19.03.	05:00	№ 111 Тұрғын қалашық (Заполярная қ- сі, Мұнайшылар үйі)	0,0919	11,5	186,12	1,5	8,3	755,1	Қазақстан Республикасы Экология және табиги ресурстар министрлігі Экологологиялық реттеу және бақылау комитеті 2025ж.19.03 № 24- 07-5/174	18-19 наурыз күндері каладағы жағымсыз иіске байланысты Атырау облысы бойынша экология департаменті Атырау облысы бойынша санитарлық- эмидемиологиялық бақылау департаменті және «Қазгидромет» РМК АФ-мен бірлесіп Атырау қаласының селитебтік аумақтарында
		05:20	№ 112 Акимат (Сәтпаев қ-сі, орталық көпір)	0,0857	10,7	317,72	1,9	8,7	758,3		

атмосфералық ауа сапасына мониторинг жұмыстарын жүргізді. Сынама алу жұмыстары «Квадрат» булану алаңы, Атырау қаласының 5 шақырым аумағынан, «Казтрансойл» АҚ онтүстік беткейінен санитарлық корғау аймагынан тыс жерден, «Атырау мұнай өндеу зауытының» СҚА тыс жерден атмосфералық аудан күкірсүтек (H2S), көмірсүтектер (C6-C10), бензол (C6H6) ластаушы ингредиенттеріне сынама алынып, нәтижесінде, «Квадрат» булану аланынан рұқсат етілген шекті шоғырланудан асуы анықталды. Бұған қоса, «Казгидромет» РМК Атырау облысы бойынша филиалының мәліметіне сай, 19.03.2025 жылы сағат 05:00- 05:20 уақытта №111 «Жилгородок» - 11есе, №112 «Акимат» -10,7 есе жоғары ластану дерегі тіркелді. Шаралар қабылдау үшін Атырау облысының санитарлық-

										эпидемиологиялық бақылау департаментіне хат жолданды. Департаментпен калада орналасқан ірі кәсіпорындарға экологиялық заңнама талаптарының сақталуына жоспардан тыс тексеріс тағайындау бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.
<b>Қарағанды қ.</b>										
PM-2,5 калқыма бөлшектері	2025ж. 01.03.	00:00	№8 Зелинский көшесі, 23 (Пришахтинск)	2,2762	14,2	34,70	0,08	-11,5	724,22	Бекеттер ауданында коршаган ортаға теріс әсер ететін кәсіпорындар анықталмаған.  Бекеттер жеке секторлар орналасқан ауданда орнатылған. Ластанудың жоғары болуының себебі жеке тұрғын үйлерді бөлудің төмен орналасқан көздері болып табылады, Қарағанды қаласы бойынша штиль туріндегі барлық жиі болатын ауа райы жағдайларын қындалады. Желсіз ауа райы атмосфералық ауада үйлерді жылдыту үшін
00:20	1,7565	11,0		15,56	0,02	-11,3	724,20			
00:40	1,6314	10,2		4,38	0,01	-11,1	724,22			
01:00	2,3818	14,9		79,30	0,27	-11,6	724,18			
01:20	2,1076	13,2		7,14	0,04	-11,8	724,22			
01:40	1,6281	10,2		31,52	0,06	-11,5	724,16			
02:00	1,8456	11,5		102,52	0,18	-11,7	724,15			
02:20	2,216	13,9		81,82	0,19	-12,3	724,24			
20:40	2,0123	12,6		70,38	0,11	-7,9	725,41			
21:00	1,9054	11,9		150,87	0,22	-8,1	725,27			
21:20	1,8028	11,3		49,15	0,10	-8,6	725,23			
21:40	2,5332	15,8		91,76	0,26	-9,8	725,17			
22:00	2,9119	18,2		110,48	0,39	-10,6	725,23			
22:20	1,8219	11,4		98,60	0,33	-11	725,24			
01:00	2025ж. 02.03.	2,5873	16,2	46,92	0,11	-12,9	724,87			
01:20		3,5156	22,0	9,76	0,01	-13,2	724,82			
01:40		2,7039	16,9	50,63	0,11	-13,1	724,74			

PM-10 қалқыма бөлшектері		01:20		3,5211	11,7	9,76	0,01	-13,2	724,82	отын жағудан, сондай- ақ жылжымалы көздерден шығарындылардан пайда болатын зиянды бөлшектердің жиналудына ықпал етеді. Бұл ретте температуралық инверсия проблемасы - ауаның температурасы керісінше емес, биіктіктің ұлғаюына қарай өсетін атмосфералық құбылыс. Яғни сұық ауа массасының үстінен қысымнан жылы ауа көтеріле алмайды. Қалыпты жағдайда жылжымалы көздерден, пешпен жылжытудан шыққан түтін жоғары көтеріледі, ал инверсия кезінде жер бетіне жайылады. Яғни, шығарындылар атмосферада қалады, онда химиялық реакцияға түседі және түтін қалыптастырады. Шығарындының өзіне bastapқы шикізат, бұл жағдайда көмір де әсер етеді. Көбінесе тұрғындар сапасы төмен көмірді сатып алады. Бұдан басқа, жеке сектордың үйлерінде ұзак мерзімді жану
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	2025ж. 31.03.	02:20	№8 Зелинский көшесі, 23 (Пришахтинск)	2,0754	13,0	82,12	0,25	1,0	727,33	
				1,7648	11,0	91,11	0,25	0,5	727,27	
				1,6792	10,5	92,37	0,17	0,5	727,21	
				1,6663	10,4	69,21	0,19	0,0	727,00	

қазандықтары пайдаланылады, онда көмір жанбайды, ал күйеді.

Бұл проблеманың шешімі қаланың жеке меншік үйлерінің баламалы отын түріне (газ), ал шағын және орта кәсіпорындардың орталықтандырылған газға көшуі немесе орталық жылдытуға (ЖЭО) қосылуы болып табылады.

**Барлығы: 44 ЖЛ жағдайлары**

### **1.3 Қазақстан Республикасы аумағындағы атмосфералық жауын-шашының 2025 жылғы наурыз айына арналған химиялық құрамы**

Атмосфералық жауын-шашының химиялық құрамына бақылау 47 метеостанцияда (МС) жүргізді.

Төменде жауын-шашының химиялық құрамы туралы ақпарат берілген.

**Иондар мөлшері.** Ең үлкен жалпы минерализация Форт-Шевченко МС (Маңғыстау облысы) – 383,01 мг/л, ең төменгі – 9,69 мг/л көрсеткіші Новороссийское МС (Актөбе облысы) белгіленді. Басқа метеостанцияларда жалпы минерализация мөлшері 10,28 – 139,10 мг/л шамасында болды.

Қазақстан Республикасы территориясы бойынша орташа жауын шашын құрамында сульфаттар 26,7 %, хлоридтер 12,6 %, нитраттар 8,8 %, гидрокарбонаттар 22,1 %, аммоний 2,5 %, натрий иондары 7,0 %, калий иондары 3,5 %, магний иондары 3,1 %, кальций иондары 13,6 % болды.

**Аниондар.** Ең үлкен сульфаттар (90,63 мг/л) Форт-Шевченко МС (Маңғыстау облысы), хлоридтер (106,56 мг/л) шоғырлары Форт-Шевченко МС (Маңғыстау облысы) байқалды. Басқа метеостанцияларда сульфаттар құрамы 0,0 – 62,82 мг/л, хлоридтер 0,9 – 21,27 мг/л шамасында болды.

Ең үлкен нитраттар шоғырлары (53,68 мг/л) Пешной МС (Атырау облысы), гидрокарбонаттар (70,82 мг/л) – Қаратай МС (Жамбыл облысы) байқалды. Басқа метеостанцияларда нитраттар құрамы 0,15 – 50,02 мг/л, гидрокарбонаттар құрамы 0,67 – 49,65 мг/л шамасында болды.

**Катиондар.** Ең үлкен аммоний шоғыры (4,81 мг/л) Шымкент МС (Түркістан облысы) байқалды. Басқа метеостанцияларда аммоний құрамы 0,26 – 49,65 мг/л шамасында болды.

Ең үлкен натрий (62,10 мг/л) шоғырлары Форт-Шевченко МС (Маңғыстау облысы) мен калий (22,30 мг/л) шоғырлары Форт-Шевченко МС (Маңғыстау облысы) байқалды. Басқа метеостанцияларда натрий құрамы 0,69 – 9,76 мг/л, калий 0,35 – 5,42 мг/л шамасында болды.

Ең үлкен магний (11,6 мг/л) шоғыры Форт-Шевченко МС (Маңғыстау облысы) мен кальций (38,40 мг/л) шоғыры Форт-Шевченко МС (Маңғыстау облысы) байқалды, ал басқа метеостанцияларда магний құрамы 0,0 – 5,96 мг/л, кальций 1,02 – 23,04 мг/л шамасында болды.

**Микроэлементтер.** Ең үлкен қорғасын шоғыры 117,65 мкг/л Жезқазған МС (Ұлытау облысы) байқалды. Басқа метеостанцияларда қорғасын құрамы 0 – 3,52 мкг/л шамасында болды.

Ең үлкен мыс шоғыры 690,17 мкг/л Жезқазған МС (Ұлытау облысы) байқалды, басқа метеостанцияларда мыс құрамы 0,0009 – 14,56 мкг/л шамасында болды.

Ең үлкен күшән шоғыры 6,42 мкг/л Жезқазған МС (Ұлытау облысы) байқалды, басқа метеостанцияларда құрамы 0 – 1,96 мкг/л шамасында болды.

Ең үлкен кадмий шоғыры Жезқазған МС (Ұлытау облысы) – 7,91 мкг/л, басқа метеостанцияларда 0 – 3,12 мкг/л шамасында болды.

**Меншікті электрөткізгіштігі.** Қазақстан аумағында атмосфералық жауын-шашының меншікті электрөткізгіштігі 20,00 мкСм/см (Екібастұз МС, Павлодар облысы) – 776,00 мкСм/см Форт-Шевченко МС (Маңғыстау облысы) аралығында ауытқыды.

Қазақстан аумағында жауын-шашында pH орташа шамасы 6,4 дейін өзгерді.

## **2. Қазақстан Республикасы жер үсті су сапасының мониторингі**

Жер үсті суларының гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша су сапасын бақылау **218** гидрохимиялық тұстамада орналасқан **81** су объектісінде жүргізілген, олар: **78** өзен, **3** арна.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **60-қа дейін** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, ОВТ<sub>5</sub>, ОХТ, құрамында тұз бар неғізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар*.

Гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштер бойынша жер үсті суларының су сапасы мониторингі Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Атырау облыстары аумақтарындағы **16** су объектісінде жүргізілді. Зерттелетін объектідегі судың өткір уыттылығын анықтауға арналған **39** сынама талданды.

### **2025 жылғы наурыз айы бойынша су объектілерінің тізімі**

#### **Барлығы 81 объектілері:**

- **78 өзен:** Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Еміл, Аяғөз, Үржар, Усолка, Елек, Қарғалы, Ембі, Темір, Ор, Шаған, Деркөл, Шыңғырлау, Қараөзен, Сарыөзен, Жайық, Перетаска тармағы, Яик тармағы, Шаронова тармағы, Қигаш, Қара Кеңгір, Соқыр, Шерубайнұра, Есіл, Ақбұлақ, Сарыбұлақ, Нұра, Беттібұлақ, Жабай, Сілеті, Ақсу (Ақмола облысы), Қылышықты, Шағалалы, Ащылышайрық, Тобыл, Әйет, Обаган, Тоғызақ, Үй, Желқуар, Торғай, Кіші Алматы, Үлкен Алматы, Есентай, Іле, Шарын, Шілік, Текес, Қорғас, Баянқөл, Есік, Қаскелен, Қарқара, Тұрген, Талғар, Темірлік, Лепсі, Ақсу (Алматы облысы), Қаратал, Талас, Аса, Шу, Ақсу (Жамбыл облысы), Қарabalта, Тоқташ, Сырдария, Бадам, Келес, Арыс, Қатта Бугун, Ақсу (Түркістан облысы).

- **3 су арна:** Нұра-Есіл, Көшім, Қ.Сәтпаев атындағы арналары.

## 2.1 2025 жылғы наурыз айындағы Қазақстан Республикасының жер үсті суларының сапасын бағалау

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады (5-қосымша).

КР су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

Су сапасының класы *	Су пайдалану санаттарының сипаттамасы	2025 жылғы наурыз айындағы су объектілері және сапа көрсеткіштері
2 класс (жақсы сапа)	Адам іс-әрекетінен аз дәрежеде әсері тиғен және суды пайдаланудың барлық түрлеріне (санаттарына) жарамды жер үсті сулары. Ауыз су-шаруашылық мақсатында пайдалану үшін қарапайым су дайындау әдістері қажет.	1 су объектісі: (1 өзен); Жабай (фосфор общий) өзені
3 класс (орташа ластанған)	-суды пайдаланудың осы класындағы суды албырт балықтарын өсіру үшін пайдалану қажет емес, ал оларды ауыз су-шаруашылық мақсатында пайдалану үшін тазартудың неғұрлым тиімді әдістері қажет.  Суды пайдаланудың барлық басқа санаттары үшін (рекреация, суару, өнеркәсіп) осы кластиң түрлері шектеусіз жарамды.	45 су объектісі (44 өзен, 1 канал); Есіл (магний, жалпы фосфор ,OХТ, сульфаттар, магний, жалпы темір, мыс, минерализация), Бетібұлақ (аммоний –ионы, мыс), Силеміт (магний, мыс), Шағалалы (магний, аммоний –ионы, мыс), Талас (OХТ, сульфаттар, магний), Шу (OХТ, сульфаттар, магний, мыс), Тоқташ (ОБТ <sub>5</sub> , OХТ, сульфаттар, магний, мыс), Жайық (ОБТ <sub>5</sub> , жалпы темір, магний, мұнай өнімдері), Шаған (фосфаттар, ОБТ <sub>5</sub> , жалпы темір, магний, аммоний –ионы ), Деркөл (фосфаттар, ОБТ <sub>5</sub> , жалпы темір), Елік (БКО) (жалпы темір, ОБТ <sub>5</sub> , магний), Кіші Алматы (магний,мыс), Есентай (мыс), Үлкен Алматы (жалпы темір, мыс), Іле (магний, жалпы фосфор, мыс), Шілік (мыс), Шарын (магний, мыс), Текес (магний,мыс), Корғас (жалпы фосфор , мыс), Баянқөл (магний), Есік (магний, жалпы фосфор , аммоний –ионы), Қаскелен (мыс), Қарқара (магний,жалпы фосфор), Түрген (магний, аммоний –ионы), Талғар (магний, жалпы фосфор , аммоний –ионы), Темірлік (магний,мыс), Лепсі (магний,мыс), Ақсу (Алматы обл.) (аммоний –ионы, мыс,магний), Қаратал (аммоний –ионы, магний), Перетаска тармағы (ОБТ <sub>5</sub> , магний,мұнай өнімдері), Яик тармағы (ОБТ <sub>5</sub> , OХТ, магний, мұнай өнімдері), Қиғаш (OХТ ,магний, мұнай өнімдері), Шаронова тармағы (OХТ, магний,мұнай өнімдері), Кара Ертіс

		(мыс), Ертіс (мыс, марганец), Бұқтырма (мыс), Емел (марганец, магний, сульфаттар, фторидтер, мыс, ОБТ <sub>5</sub> , аммоний –ионы), Аягөз (магний, сульфаттар, мыс, аммоний –ионы), Уржар (мыс, ОБТ <sub>5</sub> , аммоний –ионы), Сырдария (сульфаттар, жалпы темір, мыс, ОБТ <sub>5</sub> ), Бадам (сульфаттар), Арыс (сульфаттар), Ақсу (Түркістан обл.)(сульфаттар), Қатта –бұғұн (сульфаттар), Усолка (мыс) өзендері Көшім (жалпы темір, ОБТ <sub>5</sub> , фосфаттар) каналы
<b>4 класс (ластанған)</b>	-суды пайдаланудың осы класындағы сулар гидроэнергетика, тау-кен өндірісі, гидротранспортты қоса алғанда, суару және өнеркәсіптік су пайдалану үшін ғана жарамды. Суды пайдаланудың осы класындағы суды ауыз су-шаруашылық мақсатына пайдалану үшін су қабылдағыштардағы суды қарқынды (терен) дайындау қажет.	<b>18</b> су объектісі (17 өзен, 1 канал); Нұра (жалпы темір, марганец, қалқыма заттар), Аса (мырыши), Ақсу (Жамбыл обл.) (ОБТ <sub>5</sub> , ОХТ, мырыши), Қарабалта (минерализация, құргақ қалдық, сульфаттар, магний), Шынғырлау (магний), Сарыөзен (магний), Караөзен (магний), Эйет (мырыши), Обаған (ОБТ <sub>5</sub> , никель, мырыши), Тоғызақ (ОБТ <sub>5</sub> , никель, мырыши), Үй (қалқыма заттар), Елік (Ақтөбе обл.) (фенолдар), Қарғалы (фенолдар), Ембі (аммоний –ионы, фенолдар), Темір (фенолдар), Ор (фенолдар), Брекса (аммоний –ионы, мырыши) өзендері Қ.Сатпаев атындағы (қалқыма заттар, мырыши) канал
<b>5 класс (55 класс (өте ластанған) от е ластанған)</b>	-бұл кластағы суларды тек өнеркәсіптік суды пайдалану және суару мақсаттары үшін тұндыру карталарында тұндыру әдістерін қолдану кезінде пайдалануға болады.	<b>3</b> су объектісі (2 өзен, 1 канал); Ашылайрық (аммоний –ионы), Қара Қенғір (минерализация) өзендері Нұра –Есіл (минерализация, сухой остаток) каналы
<b>6 класс (жоғары ластанған)</b>	-бұл кластағы суларды тек гидроэнергетика, су көлігі мақсаттары үшін, су сапасының стандарттарын сақтауды қажет етпейтін пайдалы қазбаларды өндіру процестерінде пайдалануға болады. Басқа мақсаттар үшін суды пайдаланудың осы класындағы су ұсынылмайды.	<b>10</b> су объектісі (10 өзен); Ақбулак (хлоридтер), Сарыбулақ (хлоридтер), Ақсу (Ақмола обл.) (хлоридтер), Қылышқты (хлоридтер, минерализация), Соқыр (аммоний –ионы), Шерубайнұра (аммоний –ионы), Тобыл (хлоридтер, магний, минерализация, құргақ қалдық), Желқуар (жалпы темір), Торгай (минерализация, хлоридтер), Тихая (мырыши), Үлбі (мырыши), Глубочанка (мырыши), Красноярка (мырыши), Оба (мырыши), Келес (қалқыма заттар) өзендері.

\*Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (КР СРИМ СРК 20.03. 2024 жылғы № 70 Бұйрық).

КР жер үсті су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар тұз құрамындағы басты иондар (кальций, магний, хлоридтер, құрғақ қалдық, минерализация, сульфаттар), биогенді және органикалық қосылыстар (бор, аммоний-ионы, нитрит-ионы, фторидтер, жалпы фосфор, жалпы темір), ауыр металдар (марганец, цинк, никель, мыс), ОХТ, ОБТ<sub>5</sub>, қалқыма заттар, фенолдар болып табылады.

**2.2. 2025 жылғы наурыз айындағы Қазақстан Республикасы  
жер үсті суларының жоғары ластану және экстремалды жоғары ластану жағдайлары**

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетіне қажетті іс-шаралар қабылдау үшін жедел түрде хабарланды.

**Жер үсті суларының 7 су объектісінде 16 ЖЛ жағдайы:** Тобыл өзені (Қостанай облысы) – 7 ЖЛ жағдайы, Желқуар өзені (Қостанай облысы) – 1 ЖЛ жағдайы, Үлбі өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 3 ЖЛ жағдайы, Красноярка өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 1 ЖЛ жағдайы, Глубочанка өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 2 ЖЛ жағдайы, Ертіс өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 1 ЖЛ жағдайы, Оба өзені (Шығыс Қазақстан облысы) – 1 ЖЛ жағдайы тіркелді.

**Жер үсті суларының жоғары ластану және экстремалды жоғары ластану жағдайлары**

Су объектілерінің атауы, бақылау орындары, тұстамалары, облыс	ЖЛ/ЭЖЛ саны	Су сынамаларын алу күні, айы, жылы	Сараптама жүргізу күні, айы, жылы	Ластаушы заттар			ҚР ЭТРМ ЭРБК себептері мен қабылданған іс-шаралар
				Атауы	Өлшем бірлігі	Шоғыр, мг/дм <sup>3</sup>	
Тобыл өзені, Қостанай облысы, Аққарға ауылдан ОШ қарай 1 км, г/б тұстамасында	1 ЖЛ	04.03.2025	05.03.2025	Хлоридтер	мг/дм <sup>3</sup>	4415,3	Себебі: табиғи жағдай Кыста аммоний-ион құрамындағы өзендердегі судың сапасына қазіргі гидрологиялық режим әсер етеді. Су шығыны (ағын жылдамдығы) жок, судың тұрақты төмен деңгейі, мұздатудың едәуір терендігі және мұздың қалыңдығы тіркеледі.
	1 ЖЛ	04.03.2025	05.03.2025	Сульфаттар	мг/дм <sup>3</sup>	2263,2	
	1 ЖЛ	04.03.2025	05.03.2025	Кальций	мг/дм <sup>3</sup>	481,0	
	1 ЖЛ	04.03.2025	05.03.2025	Минерализация	мг/дм <sup>3</sup>	10509,0	
	1 ЖЛ	04.03.2025	05.03.2025	Аммоний-ионы	мг/дм <sup>3</sup>	4,67	
Тобыл өзені, Қостанай облысы, Гришенка с., селодан с/б тұстамасында 0,2 км темен	1 ЖЛ	03.03.2025	05.03.2025	Магний	мг/дм <sup>3</sup>	129,5	
	1 ЖЛ	03.03.2025	05.03.2025	Хлоридтер	мг/дм <sup>3</sup>	439,9	
Желқуар өзені, Қостанай облысы, Чайковский с. тұстамасы, с/б тұстамасында селодан ОШ қарай 0,5 км	1 ЖЛ	03.03.2025	05.03.2025	Жалпы темір	мг/дм <sup>3</sup>	0,67	
Глубочанка өзені, Белоусовка а. Белоусовка а. шегінде; ауылдың тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,6 км төмен; Белоусовка а. шекарасынан 0,6 км	1 ЖЛ	03.03.2025	05.03.2025	Мырыш	мг/дм <sup>3</sup>	0,537	Себебі: табиғи жағдай Глубочанка өзенінің жоғары ластану көзі-Гребенюшенский өзені, ол Глубочанка өзеніне құяды, сонымен қатар Белоусовка ауылының ластанған аумағынан дренаждық және нөсерлік ағындар.

жогары; тікелей автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау							
<b>Глубочанка өзені</b> , Глубокое а. Глубокое а. шегінде, сағадан 0,5 км жоғары, (01) сол жағалау	1 ЖЛ	03.03.2025	05.03.2025	Мырыш	мг/дм <sup>3</sup>	0,284	
<b>Красноярка өзені</b> , Предгорное а. Предгорное а. шегінде; сағадан 3,5 км жоғары; су өлшеу бекетінде; (09) оң жағалау	1 ЖЛ	03.03.2025	05.03.2025	Мырыш	мг/дм <sup>3</sup>	1,007	Себебі: табиғи жағдай Красноярка болып табылады: 1. "Капитальная" шахтасынан күйма (консервацияланған). "Капитальная" шахтасынан шахта суларының төгілуі Красноярка өзенінің саласы болып табылатын Березовский ағынына түседі. Оның ауыр металдармен ластануы жыл бойы болады, нәтижесінде Р.Красноярка сапасына әсер етеді. 2. Березовский қалдық қоймасының дренаждық сулары. Березовский өзені Красноярка өзеніне дейін созылады, ұзындығы шамамен 2 км, шахтадан алыстау кезінде біз табиғи факторлардың әсерінен табиғи түрде пайды болатын металл концентрациясының төмендеуін байқаймыз. Березовский қалдық қоймасынан нөсер ағындары Березовский ағынына ауыр металдардың жоғары концентрациясымен түседі, бұл суларды ұстап қалу жүйесінің болмауы және оларды кейіннен либолды бейтараптандыру, Красноярка өзенінің қосымша ластануына әкеледі.
<b>Улбі өзені</b> , Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қ. Тишинск кеңішінен 7,0 км төмен; Громатуха және Тихая өзендері қосылышынан	1 ЖЛ	04.03.2025	05.03.2025	Мырыш	мг/дм <sup>3</sup>	0,646	Шығыс Қазақстан облысының мамандырылған табиғат қорғау прокуратурасының 2025 жылғы 08 қаңтардандағы №7251963000100001 қаулысына сәйкес, зертханалық-

8,9 км төмен; автокөлік көпірі маңында;(09) оң жағалау							талдамалық бақылау бөлімінің бас мамандары тексеруге қатысып, 2025 жылғы 05 наурыздағы №3 жоғары ластану бойынша су сынамалары алынбады.
<b>Үлбі өзені,</b> Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (01) сол жағалау	1 ЖЛ	03.03.2025	05.03.2025	Мырыш	мг/дм <sup>3</sup>	0,069	Себебі: Ертіс және Үлбі өзендерінің мырышпен жоғары ластануының себебі-өзен аңгарындағы еріген сулар.
<b>Үлбі өзені,</b> Өскемен қ. Қала шегінде; Үлбі өзені сағасынан 1км жоғары; Үлбі көпірінен 0,36 км төмен; (09) оң жағалау	1 ЖЛ	03.03.2025	05.03.2025	Мырыш	мг/дм <sup>3</sup>	0,074	
<b>Ертіс өзені,</b> Предгорное а. Предгорное а.шегінде; Красноярка өзенінің құйылышынан 1 км төмен; (09) оң жағалау	1 ЖЛ	03.03.2025	05.03.2025	Мырыш	мг/дм <sup>3</sup>	0,238	
<b>Оба өзені,</b> Шемонаиха қ.Камышенка а. шегінде; Таловка е. құйылышынан 4,1 км төмен; (09) оң жағалау	1 ЖЛ	03.03.2025	05.03.2025	Мырыш	мг/дм <sup>3</sup>	0,079	Себебі: табиғи жағдай

**Барлығы: 7 су объектісінде 16 ЖЛ жағдайы.**

### **3. Қазақстан Республикасы бойынша атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-фоны**


Қазақстан Республикасы аумағында гамма-фон (экспозициялық мөлшердің қуаттылығы) күн сайын 17 облыстың 89 метеорологиялық станциясында, 10 автоматты бекетте жүргізді.

Қазақстан Республикасының елді-мекендерінің атмосфералық ауа қабатына орташа тәуліктік радиоактивтілік тұсу тығыздығының мәні 0,00 – 2,20 мкЗв/сағ. шегінде болды (норматив-0,57 мкЗв/сағ дейін). Қазақстан Республикасында радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,26 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

### **Қазақстан Республикасы бойынша атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің тұсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің тұсу тығыздығына бақылау Қазақстанның 17 облысында 43 метеорологиялық станцияда ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды.


ҚР аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің тұсу тығыздығы 1,4 – 3,4 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды (норматив - 110 Бк/м<sup>2</sup> дейін). ҚР аумағында радиоактивті тұсулердің орташа тығыздығы 2,1 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



**Условные обозначения**

- Эпизодические наблюдения
- ▲ Автоматические посты
- ◆ Ручные посты

Казақстан Республикасы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау елді-мекендерінің орналасу сызбасы



**Условные обозначения**

- Гамма-фон
- Гамма-фон и бета-активность

Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулерге бақылау метеостансаларының орналасу сыйбасы

### 3 қосымша

#### Елді-мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шогырлары (ШЖШ)

Қоспаның атауы	ШЖШ мәні, мг/м³		Қауіптілік класы
	максимальді бір ретті	орта-тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азотоксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма заттар (бөлшектер)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшала	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Құқырт диоксиді	0,5	0,05	3
Құқырт қышқылы	0,3	0,1	2
Құқыртті сутек	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға койылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 СанЕН

### 4 қосымша

#### Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Дәрежесі		Атмосфера ластануының көрсеткіштері	Бір жылғы бағалау
градациялар	атмосфераның ластануы		
I	Төмен	СИ ЕЖК, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖК, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖК, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖК, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қогамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667–2005 БҚ. Әзірлеуге, салуға, баяндауғажән немазмұндауғақойылатын жалпыталаптар.

## Суды пайдалану кластарының сипаттамасы

<b>Су сапасы класы</b>	<b>Суды пайдалану санаттарының сипаттамасы</b>
1 класс (өте жақсы сапа)	Физикалық-химиялық және биологиялық сапа мәндерінде өзгерістер жоқ (немесе өте аз) жер үсті сулары. Ластаушы заттардың концентрациясы су экожүйелерінің жұмысына әсер етпейді және адам денсаулығына зиян тигізбейді. Осы кластағы жер үсті сулары су пайдаланудың барлық түрлеріне (санаттарына) арналған.
2 класс (жақсы сапа)	Адам іс-әрекетінен аз дәрежеде әсері тиген және суды пайдаланудың барлық түрлеріне (санаттарына) жарамды жер үсті сулары. Ауыз су-шаруашылық мақсатында пайдалану үшін қарапайым су дайындау әдістері қажет.
3 класс (орташа ластанған)	Физикалық-химиялық және биологиялық мәндері адам әрекетіне байланысты су сапасының табиғи фондан орташа ауытқыған жер үсті сулары. Экожүйенің бұзылуының орташа белгілері тіркеледі. Суды пайдаланудың осы класындағы суды албырт балықтарын өсіру үшін пайдалану қажет емес, ал оларды ауыз су-шаруашылық мақсатында пайдалану үшін тазартудың неғұрлым тиімді әдістері қажет. Суды пайдаланудың барлық басқа санаттары үшін (рекреация, суару, өнеркәсіп) осы кластың түрлері шектеусіз жарамды.
4 класс (ластанған)	Жер үсті сулары адам әрекетіне байланысты су сапасының физикалық-химиялық және биологиялық мәндерінің табиғи фондан айтарлықтай ауытқуын көрсетеді. Суды пайдаланудың осы класындағы сулар гидроэнергетика, тау-кен өндірісі, гидротранспортты қоса алғанда, суару және өнеркәсіптік су пайдалану үшін ғана жарамды. Суды пайдаланудың осы класындағы суды ауыз су-шаруашылық мақсатына пайдалану үшін су қабылдағыштардағы суды қарқынды (терен) дайындау қажет. Суды пайдаланудың осы класындағы сулар рекреациялық мақсатта ұсынылмайды.
5 класс (өте ластанған)	Адамның іс-әрекетіне байланысты су сапасының табиғи фондан сапаның физикалық-химиялық және биологиялық мәндерінің айтарлықтай ауытқуын көрсететін жер үсті сулары. Осы кластағы суларды тек өнеркәсіптік суды пайдалану және суару мақсаттары үшін тұндыру карталарында тұндыру әдістерін қолдану кезінде пайдалануға болады.
6 класс (жоғары ластанған)	Жер үсті сулары тұрақты антропогендік жүктемеге байланысты су сапасының бірқатар нормаланған көрсеткіштері бойынша айтарлықтай ауытқуларға ие. Осы кластағы суларды тек гидроэнергетика, су көлігі мақсаттары үшін, су сапасының стандарттарын сақтауды қажет етпейтін пайдалы қазбаларды өндіру процестерінде пайдалануға болады. Басқа мақсаттар үшін суды пайдаланудың осы класындағы су ұсынылмайды.

## 6 қосымша

### Су пайдаланудың санаттары (түрлері) бойынша суды пайдалану сыйнштарын саралау

Суды пайдалану класы	Тазалау мақсаты/түрі	Су пайдалану кластары					
		1 клас	2 клас	3 клас	4 клас	5 клас	6 клас
Су экожүйелерінің қызметі	-	+	+	-	-	-	-
Балық өсіру/ихтиофаунаны қорғау	Албырт балық	+	+	-	-	-	-
	Тұқы балық	+	+	+	-	-	-
Ауыз су- шаруашылық сумен жабдықтау және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын сумен жабдықтау	Қарапайым өндіреу	+	+	-	-	-	-
	Дағдылы өндіреу	+	+	+	-	-	-
	Қарқынды өндіреу	+	+	+	-	-	-
Мәдени-тұрмыстық су пайдалану	Туризм, спорт, демалыс, шомылу	+	+	+	-	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-	-
	Тұндыру карталарын пайдалану кезінде	+	+	+	+	+	-
Өнеркәсіптік су пайдалану	Технологиялық процестер, салындары процестері	+	+	+	+	+	-
Гидроэнергетика	-	+	+	+	+	+	+
Су көлігі	-	+	+	+	+	+	+
Тау-кен өндірісі	-	+	+	+	+	+	+

\*Су обьектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (КР АШМ СРК 20.03. 2024 жылғы № 70 Бұйрық).

Ескертпе:

"+" – судың сапасы мақсатын қамтамасыз етеді;  
"-"- судың сапасы мақсатын қамтамасыз етпейді.

## 7 қосымша

### Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол берілген мөлшері

Заттардың атауы	Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ) топырақта мг/кг
Корғасын (жалпы нысан)	32,0
Хром (жылжымалы нысан)	6,0
Күшала (жалпы нысан)	2,0
Сынап (жалпы нысан)	2,1

\* «Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № КР ДСМ -32 бұйрығ

## Радиациялық қауіпсіздік нормативі

Нормаланатын шамалар	Дозалар шектері
Тиімді доза	<p>Халық</p> <p>Кез келген соңғы 5 жыл ішінде орташа жылына 1 мЗв, бірақ жылына 5 мЗв артық емес</p>

\*«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығы.



**«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ДЕПАРТАМЕНТИ**

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

**АСТАНА ҚАЛАСЫ**  
**МӘҢГІЛІК ЕЛ Даңғылы, 11/1**  
**ТЕЛ. 8-(7172)-79-83-65 (ШКІ. 1090)**

**E MAIL:ASTANADEM@METEO.KZ**